АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

22.09.2023 № 2301-23-5-21/12492

«Исатай ауданының Жанбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты өндірісіне талап қоюшы «Исатай ауданының Жанбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер "Сайманова Сандуғаш" басшысы Сайманова Сандуғаш Улықбекқызын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша, 2023 жылғы 09 тамыз күнгі шығарылған шешімнің жеке кәсіпкер «Сайманова Сандуғаш» Сайманова Сандуғаш Улықбекқызы мемлекеттіксатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы бөлігін орындау үшін жолдайды.

Қосымша: шешім көшірмесі 1 дана;

Судья **А.Балмуханова**

Орынд.: Құбашева А. М.
тел.: -, 712-2472@sud.kz

Құжатты жасаған: КУБАШЕВА А. М., , 712-2472@SUD.KZ
Құжатқа қол қойылған: БАЛМУХАНОВА А. Р., 22.09.2023 16:59

"Исатай ауданының Жанбай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
Кіріс № 449 Күні 22 09 2023 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 09 тамыз №2301-23-00-2/1186 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылары А.Динжанова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Исатай ауданының Жанбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Сайманова Сандуғаш» Сайманова Сандуғаш Улықбекқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

Прокурор Ж.Сикимов
Талап қоюшы өкілі Л.С.Ахмет

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 24 сәуірде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №29 шарт 2023 жылғы 25 сәуірде жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жауапкер талап қоюшыға баннерлер мен лайтбокстерді дайындау қызметін көрсетуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 400 000 теңге, орындау мерзімі – тапсырыс берушінің сұранысы бойынша 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленген.

Іс құжаттарындағы техникалық ерекшеліктің 4) тармағына сәйкес, эскизімен келіскеннен кейін, дайын болған баннерлерді 1 күн ішінде жол шығындарын өзі өтей отырып жеткізеді және Жанбай ауылдық округінің

көшелеріндегі баннер бағаналарына орнатылған ескі баннерлерді өз құрал – жабдығымен түсіріп, жаңасын орнатып береді.

2023 жылғы 02 мамырдағы жауапкерге веб-портал арқылы жолданған хабарламада 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр Жеңіс күні мерекелеріне орай, А4 форматта 4-5 вариантта баннер эскизін жіберу қажеттілігі және эскизбен келісілгеннен кейін 2х3 шаршы метр болатын 1 дана баннерді техникалық ерекшелікке сай, барлық шығынды өтей отырып, Жанбай ауылы Зинеден Құрасұлы көшесінде орналасқан баннер бағанасына 2023 жылғы 5 мамыр күні сағат 17:00-ге дейін орнату сұралған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары тиісінше орындалмағанын көрсетіп, жауапкер жеке кәсіпкер «Сайманова Сандуғаш» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талапты қуаттап, жауапкермен эскиз 02 мамырда келісіліп, одан 10 жұмыс күнінен және мейрам өтіп кеткеннен кейін жауапкер баннерді почтамен жібергенін, техникалық ерекшелікке сәйкес, жауапкер баннерді дайындап, 05 мамыр күні Жанбай ауылына жеткізіп, орнатып беруге міндетті болғанын көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз карауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінгенбеген.

АПК-нің 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

Прокурор Ж.Сикимов берген қорытындысында талаптың толықтай қанағаттандырылуға жататынын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А.Г., 15.06.2023
301-23-3-1/1398

Шарттың орындалу мерзімі – тапсырыс берушінің сұранысы бойынша 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленген.

Жауапкер бүгінгі күнге дейін шарттың міндеттемелерін тиісінше орындамаған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196,117,223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Исатай ауданының Жанбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Сайманова Сандуғаш» Сайманова Сандуғаш Улықбекқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Сайманова Сандуғаш» Сайманова Сандуғаш Улықбекқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Сайманова Сандуғаш» Сайманова Сандуғаш Улықбекқызынан мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А.Р., 15.08.2023

301-23-3-1/1348

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2023 жылғы 18 қыркүйекте енді.

Судья А.Р.Балмуханова



Кұжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 15.08.2023

301-23-3-1/1348